

Б.Ж. Қуандықов

НОҒАЙЛЫ ЕДІГЕ БИ МЕН ТӨЛЕ БИДІҢ БИЛІК-ШЕШІМДЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ОРТАҚТАСТЫҚ

Көшпелі далада сан ғасырлардан бері билік ісін жүргізудің және билік айтудың жібін үзбей келе жатқан тұтастай дәстүрі қалыптасқан болатын. Оның бастаулары ежелгі ғұн, түркі дәуірлеріне барып тіреледі. сол замандарда қалыптасқан билік айтудың даулы істі шешудің негізгі қағидалары мен сара жолдары сан ғасырлардан өтсе де, өзінің бірегей болмысын жоғалтпай сүттей ұйыған тұтастығын бұзбады. Оның бастаулары ежелгі үйсін дәуіріндегі аты аңызға айналған Майқы, Елжау билерге барып тіреледі.

Дәстүрлі би болудың және билік айтудың жолы да осы кезеңдерден өрби отыра, ноғайлы дәуіріне жеткен болатын. Кейіннен ноғайлы дәуірінің бұл саладағы негізгі жол-жоралғылары қазақ хандығына ұласып отырды. Қазақ билерінің билік шешімдерінің негіздеріне үңіле қарайтын болсақ, оның бастаулары одан әріге барып тірелетіндігін көреміз. Сондай бір билік айтудың жолы ноғайлы Едіге би мен кейінгі Төле бидің арасында қалыптасты. Екі бидің билік шешімдерін салыстыра қарайтын болсақ, көп ұқсастықты аңғарамыз. Бұл біздің ойымызша, көшпелі даладағы прецеденттік билік жүйесінің қалыптасуының және қолданылуының бір көрінісі болып табылады. Кезінде ноғайлы Едіге би айтқан “түйе дауына” байланысты және бала дауына байланысты билік шешімдерді кейіннен сол негізде Төле биде қолданған болатын. Ауыздан-ауызға жеткен фольклорлық мәліметтерге көңіл бөлетін болсақ, Едіге би айтқан “бота дауына” байланысты шешімнің мәні қысқаша мынандай: “Тағы бір күні атан түйені жетелеген, екі адам Едігені көріп: “Әй, қойшы осы түйеге дауымыз, төрелігін бересің бе”? - деп сұрайды. “Беремін”, - дейді қойшы бала жасқанбай. “Осы түйе менікі. Бота кезінде жоғалған. Атан болғанында танып тұрмын. Ұрланған ұрым - мынау”, - дейді біреуі. “Өз інгенімнің ботасы: өз бурамның тұқымы. Бұл маған қылып отырған жаласы”, - дейді екіншісі. Едіге екеуіне түйенің енесін тауып әкеліндер дейді. Екі інген келтірілген соң, Едіге атанның тақымына қыл бұрау салып бұрайды. “Жоғалтып едім”, - деген жоқшының інгені боздап атанның үстіне түсе қалады. Сонда бала: “Мұның ұрлатқаны шын екен. Түйесін қайтарыңыз”, - дейді. Екіншісі – бұл төрелікке көнбеймін деп, Тоқтамыс ханға барады. Түйесін таныған бірінші ханға: - Осындай бір төрелік айтылып еді, - дейді. “Ол қандай төрелік еді?” – дейді. Олар жолда бір қойшы балаға жолыққанын айтады. Хан: “ендеше сол төрелікке тоқтап, түйесін қайтарып беріңіз”, - депті [1, 36 б]. Кейіннен бұл шешімді қазақтың белгілі биі Төле би де негізін сақтай отыра, өзінің тәжірибесінде қолданады. Осыған байланысты оқиға желісін баяндайтын болсақ, ол былай: “Төле бала ауыл сыртында қозы бағып жүргенде, жанынан өтіп бара жатқан қос аттының бірі: “Әлібек қартайыпты, әділдігінен айныпты”, - деп ренжіп бара жатқанын естіп қалады. Төле олардың алдарынан шығып, сәлем беріп:

- Оу ағалар, әкем Әлібектің билігіне ризамысыздар, наразысымысыздар? – дейді.
- Наразымыз балам. Әкең әділ билік айтпады.
- Ендеше қайтыңыздар.

Екі жақ Әлібектің алдына қайта келгенде бала Төле:

- Ата, билікке екі жақ бірдей риза болу керек. Әйтпесе, ол әділ билікке жатпайды. Жеңілген де, жеңген де шындықты мойындауы керек, - дейді.
- Олай болса, балам осы даудың билігін өзің айтып берші?

Төле әуелі таластың мінін сұрайды. Сонда дауды бастаған жігіт ботасында жоғалтқан түйесін жолда кезіккен керуеннен танығанын айтады.

- Бұл өтірік айтып тұр, - дейд керуен басы саудагер.
- Ал, енді жігітім, “тапқан таныған алады” деген, сен таныдым дейсің, қалай таныдың?
- Менің танығаным, - дейді ол. – Түйем туар уақытысында жақындаған кезде бошалап кетті. Бір жетіге дейін таптырмаған түйем тау баурайында боздап, ары-бері кезіп жүрген екен. Ботасын қасқыр жесе де, шала түсе да кетпес еді. Сонысына қарап, ботасын біреу алып кеткенін түсіндім. Содан бері жүргінші көрінген түйеге қоз салып жүруші ем, көрген бойда таныдым.

Төле ойланyp отырып:

- Сол танып тұрған аруананың енесі бар ма? – дейді.
- Бар.

Төле қарсы жаққа қарайды.

- Иә, саудагерім, сөйле.
- Бұл өз түйемнің ботасы. Жалакорға тура сөзіңізді айтыңыз. Іштегі ботаны танымын дегенге адам сене ме?
- Енесі бар ма түйенің?
- Туған енесі бар.
- Онда екеуің де енелерін алып келіндер?

Дауласқан екеу бесті атандарының енесін алдырады.

Төле:

- Атанды тізгіндеңдер де, тақымына қыл бұрауды салыңдар, - дейді. Жұрт айтқанын лезде орындайды. Бесті атанның тақымына қыл шыбырды салып, шыңғырта бұрағанда, таныған жігіттің түйесі көзінен жас парлап, мұрындығын жұла-жұла бақырып жатқан атанның үстіне түсе қалады. Ал саудагердің түйесі орнынан қозғалмай, жайымен күйсеп тұра береді:

- Ау, халайық, көріп тұрсыздар. Мына жануар шын анасы екен, не дейсіздер?

- Рас, аруана ботасын танып тұр. Төлежанның бұл әділдігіне ризамыз, - деседі жұрт. Төле саудагерге қарап:

- Ә, саудагерім, мынау хайуан да болса әділетін халықтың алдында көрсетті. Атанның кімдікі екеніне халықтың көзі жетті. Сен енді құтыла алмайтын болдың. Күнәні мойынға алған жеңіл. Мына халықтың алдына шығып шындығыңды айт.

- Оу, халайық, осыдан бес жыл бұрын жайлаудан қалаға қайтып келе жатып, жапан түзде, бір төбенің баурайында боталаған түйенің үстінен түстім. Ботасы аяқтана алмай, жығылып, тұрып жатыр екен. Түйені алсам, сіңіре алмаймын. Жолда ел көріп: “Пәленше саудагер алып бара жатыр”, - дейді. Мына ботаны алып кетсем ешкім білмейді. Алашаға ораймын да, қомның арасына таңа саламын. Бір жылдан кейін түйе боп шыға келеді. Бір түйе маған аз олжа ма деп сол ботаны алып кетіп ем. Кешсеңдер де, бас кессеңдер де өздерің біліңдер, - деп мойындапты. Міне, Төле би дауды осылай шешіп, жұртты риза етіпті” [2, 109-110 бб]. Көріп отырсақ, билік айтудың негізі бір. Сондықтан да, мұны бір билікті екі адамға телімей, дәстүрлі жолды сақтап, прецедентті кнегізде қолдану деп қабылдағанымыз жөн. Осы жерде тағы бір екі бидің арасындағы ұқсастықты аңғаруға болады. Ол “бала дауына” байланысты мәселені шешудегі ұқсастық. Бұл билікті де алғашында Едіге би айтады. Едігенің шешімі мынандай: “Едіге тағы бір күні орталарындағы бір балаға таласып келе жатқан екі қатын мен екі еркекке кездеседі. Әй, қойшы, біздер даулы болып келеміз, төрелік берсең бе?” - дейді жамырап. “Төрелігіме тек разы болсаңдар”, - дейді.

- Осынау баланы бесікте жоғалтып едім, жүгіріп жүргенде танып отырмын, - дейді бір ерлі-зайыпты. “Он ай көтеріп омыртқамды сөгіп тапқан балама жала жабады”, - деп зар қағады қалған екеуі. Едіге төртеуіне де: “берген төрелігіме көнесіздер ме?” - деп сұрайды. Төртеуі де: “көнеміз”, - дейді. Сонда Едіге баланы екі қолынан екі қатынға ұстатады да даулы баланы семсермен екеуіңізге қак бөліп беремін, - деп семсерді көтере бергенде, “жоғалтып едім” деген қатын білегінен ұстай алады. “Өлтірмеңіз”, - дейді жалынып, - менен туған бала болса, өскенде мені бір табар, әзірше мынау-ақ алсын. Едіге үндемеген қатынға: “Сенің ұрланғаның шын екен, өлтірсе өлтірсін деп үндемедің, мынаның баласын өзіне бер”, - дейді. Өзім таптым деген еркек пен қатын “бұл төрелікке көнбейміз”, - деп Токтамыс ханға барады. Төрелік тимеген қатын мен еркек ханға: “Даулы болып сізге жүгінуге келдік”, - депті. Болған жайды әбден тыңдап болған хан: “Қойшы баланың берген төрелігі-төрелік, ондай билікті мен бере алмас едім”, - дейді [3, 36-37 бб]. Ал, Төле биге баланысты оқиға желісі былай: “Әкесі бір балаға таласқан екі ананың дауын шеше алмай басы дал болып жүрген екен. Әлібек даулы баланың шын туған шешесі қайсысы екенін анықтай алмапты. Би көбінесе куәгерлердің сөзін салмақтап, анық-қанығына жете алмай-ақ қойды. Екі жақтың Әлібек алдында айтқан мәмілесі мынадай:

- Жаудан үркіп, үдере көшіп жүргенде құндақтаулы баламды жоғалтып алдым. “Балапан басымен, тұрымтай тұсымен” дегенде іңір қараңғысында тайлы-тұғымен дүр көтеріле жөнелген елдің қайсысының қолында бесіктен баламның кеткенін біле алмай шырылдадым да қалдым. Ел бет-бетіне тоз-тозы шығып, шілдің баласындай бытырай, безе қашты. Бесіктегі баламның жұртта қалмағанына бір Құдай куә. Зар еңіреп баламды іздеп, жұртта қалып қойғанымда қосағым қайтып келіп, ат сауырына сала алып кеткен еді. Сол түннен бастап он саусағыммен бетімді осып, қан жылаумен өмір өтіп кетті. Сұрау салмаған, арылтпаған жуық маңда ел қалған жоқ. Балам ізім-қайым жоғалды. Сонан бері ішкен асым әзім болмай, бойыма сіңбей, бүгінгі қара-ағаштай қатқан жайым бар. Мен бейбақ өстіп жүргенде, бір тойда баламды көрдім. Тұла бойым елжіреп, аналық ақ сүтім омырауымнан сорғалап жүре берді. Жүрегім лоблығып, есімнен танып құладым. “Баламды таныдым, өзіме бер”, - десем мені мазак етіп табалады. “Өзім туғанмен, ел-жұрт куә” деп безереді.

Міне, көзінің жасын сорғалатып, Әлібектің алдында етпеттей құлаған бірінші әйелдің сөзі осындай.

- Әруақ, Құдайға салдым. Бала менікі, - деп өксігенде жас Төленің тұла бойы шымырлап, бетін басты. Оның да көзінен ыстық жас ыршып кетті.

Әйтсе де екінші әйел де “оңайшылықпен жан беруден” аулақ екен. - Бұл сайқалдың айтып отырғаны бастан-аяқ жангештілік, өтірік сөз. “Өтіріктің, өсектің, қулықтың, сұмдықтың құйрығы бір-ақ тұтам” дегендей о заманда, бұ заман, біреудің тас емшегін иіткен, тас жүрегін жібіткен жалғыз “шөңгесіне” жабысып, “мен туғанмын” десе, бұдан артық күпірлік бола ма? Иә, ақ босағаны аттанғаннан бастап бір перзентке зар болғаным рас. Менің еңірегенде етегім жасқа торлғанын құдай көрген, тілегімді берген шығар. Қорасанға қой аттым, Арыстан Бапқа ат айттым. Қырық жасқа дейінгі пұшағым қанамады. Құдайдың маған берем десе баласы жоқ па, сен сайқалға жіберем десе жаласы жоқ па? Құдай берді, мен көрдім. “Қырықбай” деп ат қойдым. Атын азан шақыртып қойғыздым. Той жасап, ат шаптырдым. Енді бүгінде пешенесі кушиған салдақы “менің туған балам” деп, түп етектен жабысса, не бетімді айтқандаймын. Құдай-ау, куәге жүретін ел бар емес пе, халық бар емес пе? Алла атымен айтқан сөзімді солар растайды. Мына беті күйгірден, Би-еке, азат ете көріңіз? - деп жылағанның белгісін жасап, ол солқ-солқ етті. Осыдан кейін де екі жақтан куәлер тартылып, қызыл өңештері “жыртылғанша” дауласты. Ант-су ішушілер көбейе бастады. Екінші әйелді жақтаушылыр “туғаннан көрмесек те, той жасағанын білеміз. Айтқанының бәрі рас” дегенге сая береді. Ал бірінші әйелдің куәлері “үрке көшкенде бесіктегі баласынан айырылып, аңырап қалғаны рас”, - деседі.

Төле әкесі Әлібектің шекесін сығымдап, қай жағының сөзін сөйлерін білмеуіненің мәнін түсінді. Бойындағы қандай қасиет екенін өзі де сезбей қалды, әйтеуір бір күш итермелегендей орнынан қарғып тұрды да:

- Әке осы жолғы билікті маған берсеңіз екен?- деп Әлібектің алдында тағзым етіп, иіле қалды.

Әкесі де, осындай дауға қатысып отырған Дулаттың “жақсылары” да Төледен мұндай қылықты күткен жоқ еді. “Әке тұрып, бала сөйлегеннен без, үлкен тұрып - кіші сөйлегеннен без” деген мәтелді мінәсәр тұтқан ел ағалары ұялғаннан жер шұқылап алды. Иығына қонған ақ тұйғыны осы Төле емес пе? Қадыр дарып, бак

қонатын да осы баласы екенін іштей сезетін-ді. Көзден-тілден аулақ ұстау үшін әдейі түйе, онан соң жылқы бақтырғанда Құдайдың құдіретімен ересен қылық көрсетті. Бұл баланың орны осы секілді ел тағдыры таразыға түсетін жиын-топ, қалың көпшіліктің арасы екенін іштей шамалап, түсінетін. Дәл қазір қанша елдің атқа мінгендері жиналған, ақыл мен парасат, әділеттілік пен қиянат таразыға түсіп тұрған шаршы топта үміт еткен аяулы баласының мәселін қайтаруға дәті шыдамады. Бәлкім Құдайдың құдіретімен төрелік айтуды сұранып тұрған шығар.

Осындай ойға тірелген Әлібек би ел дәстүрін де есіне алып, ақылдасқан сынай танытып, жай ғана:

- Жамағат, бұл қалай болды? Баламның тілегіне не дейсіңдер? - дейді.

Тоғыз жасар Төле енді кешігудің реті жоғын аңдады да:

- Уа, Би-еке! Уа жақсылар! “Құлдан да бір сөз деген” қазақта мәтел бар. Дат! Дат! – деп үш рет саңкылдады.

- Датың болса айт!

- Айтсын датын! Бердік билікті! – деп дауласушыларда, бақылап отырғандар да баланың сөзін-билігін естуге құштар болды.

- Бердім билікті, - деп салды Әлібек те.

- Ендеше, - деді Төле көзі шырақтай лапылдап жанып, - даулы баланы алдыма алып келіңіздер!

Төленің сөзін екі еткен жоқ. Үш – төрт жастағы ойын баласын алдына әкелді. “Ал әкелдік”, - деп қара дойыр, семіздеу әйел Төлеге күмәндана қарады.

- Баламды жоғалттым деген ана да келсін бері! – деп Төле тіксінген қара дойыр әйелдің жүзіне барлай қарады.

Уайым – қайғыдан сары мейіздей қатып қалған, шашының самайына ақ түскен әйел де жақындай берді.

- Екеуіңіз мына баланың екі қолынан тартып ұстаңыздар!- Төле ес жиғызбай аса тез қимылда, өзі жәрдемдесіп жүрді. Екі ана айтқанын істеді. Бала бақырып жылай бастады. Төле жеңіл шидем шекпенінің ішінен ешкімге көрсетпей тығып отырған (жаңа көңілі босағанда үйден қолтығына қыса шыққан) қанжарын жарқ еткізіп суырып алды.

- Екі ананың да өтініш-талаптарын орындаймын. Баланы қанжармен қақ бөлемін де беремін. Екеуіңіз де риза боласыздар, - деді де ай-шайға қарамай қанжарды жоғары көтере берді. Кірпік қағымда алмас қанар төмен қарай сілтенсе, бала екі бөлініп қалатындай көрінген “баламды жоғалттым” деген әйел шар ете тсүті. Төленің қанжар ұстаған қолына жабыса берді. Баланы итеріп жіберді.

- Айналайын, шырағым. Бір ашуыңды маған бер. Баланы шаба көрме. Өлтіртпеймін. Амандығы жақсы. Бердім-бердім баламды. Қайда жүрсе де аман болсын! – деп дір-дір еткен қолдары Төленің білегіне жабысып айырлар емес. Төле қылышты төмен түсіргенде ғана әлі де жылап тұрған, жаңа ғана ажал аузынан қалған баланы құшақтап, тағы да бірдеңелерді айтып, ағыл-тегіл болды. Сүрініп, құлап та қалды. Ал “баланың атын азан шақыртып қойғанмын” деген әйел “баланы шапса шауып тастасын. Оған да жоқ, маған да жоқ”, - дегендей манаураған күйі теріс айнала берді.

- Уай, халайық, енді түсінген шығарсыздар?-деді Төле ересек кісі секілді даусын команддыра.

Жиналған жұрт ебіл-дебіл шыққан, бірде “өліп”, бірде “тіріліп” пәруана болып жылап отырған “баламды жоғалттым” деген әйелге бір, теріс айналған “енді, шаруам бітті, жеңілдім” дегендей шашбаулы, тоқпақтай қос бұрымын жонына сілкіп тастап, ернін шығарғандай пандана басып бара жатқан “баланы өзім тудым” деген әйелге бір қарап, бастарын шайқасты. Ел түгел есеңгіреп қалғандай еді.

- Бейшараның баласын жоғалтқаны рас екен.

- Тірі жетімек шын анасын енді таныды. Қарашы мойнына жабысуын. Аймалап өліп барады.

- Ойпырай Әлібектің мына баласы төрелікті қанжардың жүзімен айтты-ау

Мың күн ойласақ та мұндай төрелікті ойлап таппас ек-ау.

- Өкімінен де, билігінен де айналдым.

- Тапқыр болсаң, әділ болсаң осы баладай бол!

- Халқымыздың бақытына аман болғай де.

- Жүрім берсін.

Өмір берсін! – деп әр жерден айтылған сөздердің соңы үлкен батаға айналды” [4, 230-232 бб]. Қарап отырсақ, жалпы билік шешімді жүзеге асырудағы қағидалық негіздерді қолданудың ортақтастығын байқаймыз. Сондықтан да, бұл шешім ноғайлы мен қазақтың ортасында кең тараған прецеденттік үлгілі биліктің көрініс болып табылады. Кейіннен Төле би мал дауын шешкенде, осындай қағидалық талаптарды сақтап отырған болатын. Бұл мысалдардан біздің ойымызша, ноғайлы мен қазақ билерінің ортасындағы билік айту ісіндегі жақындықты ғана көріп қана қоймаймыз. Сорнымен қатар, екі түркі халқының ортасындағы құқықтық жүйе элементтерінің ортақтастығының болғанын да аңғарамыз. Бұл біздің ойымызша, көшпелі Еуразия ареалында, көшпелі болмысқа негізделген құқықтық кеңістіктің орын алғандығын аңғартады.

Жоғарыда айтқан жағдайлардың барлығы ноғайлы мен дәстүрлі қазақ құқығының негізгі бастауларының ортақтастығын, бұл құқықтық жүйелердің негізгі бастаулары, Алтын орда дәуірінде орныққан құқықтық жол-жоралғыларға сүйенетіндігін одан әрі жалпы ғұн, үйсін дәуірінде орын алған көшпелі қоғамдағы далалық заңдарға барып тірелетіндігін көрсетеді.

1.Едіге би // Төреқұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан, 2006. - 34-43 бб.

2.Төле би // Төреқұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан, 2006. -106-131 бб.

3.Едіге би // Төреқұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан, 2006. - 34-43 бб.

4. Тоғыз жасар Төленің бала дауына билігі // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық, 2 басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2004. - 1. Т. - 229-233 бб.

In this article is considered traditions law systems nogai and kazakh solution's, also in that is discuss in the middle of judge name is Nogaili Edige and Kazakh court's Tole discuss.

В данной статье автор сопоставляя решения Ногайлы Едиге и казахского бия Толе попытается доказать идентичность ногайских и казахских традиционных правовых систем.

А.К. Исабеков

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ ТАРИХЫНДАҒЫ МЕМЕКЕТТІК БІЛІК ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Қазақ даласындағы орта ғасырлардағы саяси-құқықтық ой тарихын қайта өрлеу дәуірінің бірі кезеңі деп бағалауға болады. Осы уақыт аралығында аты әлемге әйгілі орта ғасырлық түркі заманының ойшылдары бірінен кейін бір өмірге келіп, жемісті шығармашылықпен айналысып жатты. Олардың қатарына: Шығыстың ұлы ғұламасы Әл-Фарабиді, Жүсіп Баласағұнды, Махмұд Қашқариді, Ахмет Игінукиді және т.б. жатқызамыз. Бұл ойшылдардың еңбектері рационалды тұрғыда шығарма бейнесінде туындап жатумен қатар, өлең сөзімен өрілген поэма дастаны нысанында да беріліп отырды. Өрине, ойшылдардың шығармасы өз заманындағы философиялық, әлеуметтік, психологиялық, тарихи оқиғалар желісін суреттеумен қатар, мемлекеттану мәселелерін де қамтыған болатын. Мемлекеттанудың басты мәселесі мемлекеттің шығуы, мемлекеттік биліктің ұйымдасуы, мемлекеттің нысандары, мемлекеттің қызметі т.б. мәселелер екендігі белгілі. Жоғарыда тілге тиек етіп отырған ойшылдарымыз бұл мәселені де өз еңбектерінде жеткілікті деңгейде қамтып, оны дамытып отырды. Жалпы қазақ қоғамында, оның ішіндегі ортағасырлық ойшылдардың көзқарастары синкретті сипатта қоғамдық сананың барлық нысандарының көзқарастар жүйесінің тұтастығымен ерекшеленеді.

Ортағасырлық саяси-құқықтық ой тарихында шоқтығы биік, өзіндік орны бар тұлға кезінде екінші ұстаз атанған Әл-Фараби екендігі баршамызға белгілі. Әл-Фарабидің биліктанымға байланысты ойлары, теориялық деңгейде ұшқырланған өзіндік сипаты бар ой-жүйесін құрайды. Әл-Фараби қайырымды қала, оның тұрғындарының көзқарастары атты трактатында, жалпы мемлекетті екі түрге бөліп көрсетті: Біріншісі-қайырымды қала; екіншісі-надан қала. Надан қаланың өзін бірнеше түрлерге жіктеді. Олар туралы былай дейді:

“Ділгер қаласы дегеніміз-сондай қала, оның тұрғындары тек ділгер заттармен ғана, яғни тәннің тіршілік етуіне керекті нәрселермен-тағаммен, сусынмен, киіммен, тұрғын үймен, сұхбаттасумен және осыған жету үшін бір-біріне көмектесумен ғана шектелуге тырысады. Алыс- беріс қаласы дегеніміз-сол, оның тұрғындары дәулет пен байлыққа жету үшін бір-біріне көмектесуге тырысады, бірақ бұл –басқа бір нәрсеге жетудің құралы емес, күллі өмірінің мақсаты. Пасықтық пен бақытсыздық қаласы дегеніміз-сондай қала, оның тұрғындары тағамнан, ішімдіктен, сұхбаттасудан ләззат алуға тырысады, қысқасы-олар сезім мен қиялға әсер ететін ләззаттарға құштар келеді, қандай түрде болса да сауық құрып, сайран салуға құштар келеді.

Даңғой қала дегеніміз-сондай қала, оны мекендеушілер жұрттың сый-құрметіне бөленіп, мақтау алу үшін, өздері жайында басқа халықтар біліп, айта жүруі үшін, сөзбен де, іспен де мадақтап, дәріптеуі үшін, өздерін не жат көзінен, не бір-біріне сән салтанатымен жарқырата көрсету үшін бір-біріне көмектесуге тырысады, мұның бәрін олар бұған қаншалық ынтызарлығына қарай немесе осы қаншалық қолынан келуіне қарай істейді.

Мансапшыл қала дегеніміз-сондай қала, оның тұрғындары өзгелерді өздеріне бағындыруға, ал өздері ешкімге де бағынбауға тырысады; олардың күш-жігері өздеріне жеңіс әперетін қуанышқа жетуге ғана жұмсалады. Құштар қала дегеніміз-сондай қала, оның тұрғындары әркім өз құштарлығын ешбір тежеусіз, өз қалауынша еркін істеу деп біліп, осыған ұмтылады. Надан қалалардың әміршілері де осы қалалардың өздеріне ұқсас болады. Олардың әрқайсысы өздері билейтін қаланың ісін жүргізгенде жеке бастарының құштарлықтары мен ниеттерін қанағаттандыруды көздейді.

Жоғарыда атап өткен нәрселердің бәрі-надан қала тұрғындарының кәсібі, мұны олардың өмірлік мақсаты деп санауға болады. Ал өнегесіз қала дегеніміз-сондай қала, оның көзқарастары санатына қосылады және ол бақыты, пейілі кең, құдыреті күшті Алла-Тағаланы, екінші жаратындыларды, әрекетшіл парасатты, тегінде қайырымды қала тұрғындары білетін және солар сенетін нәрселердің бәрін хақ деп біледі; бірақ бұл қала тұрғындарының іс-әрекеті құлды надан қала тұрғындарының іс-әрекеті сияқты.

Құбылмалы қала дегеніміз-сондай қала, оның көзқарастары мен іс-әрекеті бұрын қайырымды қаланың көзқарастары мен іс-әрекеті сияқты болса да, кейін ол өзгеріп кеткен: санатына өзгеше идеялар ұялап, іс-әрекеті мүлде басқаша болған.

Адасқан қала дегеніміз-сол, оның ойынша, бақыт бұл дүниедегі өмірден кейін келмек. Бірақ, оның түсінігі өзгеріп кеткен, сондықтан пейілі кең, құдыреті күшті Алла-тағала туралы, екінші жаратындылар туралы және әрекетшіл парасат туралы оның түсініктерінің терістігі соншалық, бұлардың инабаттылыққа негіз болуы да, барлық зат біткеннің кейіпкері мен образдары ретінде қабылдануы да мүмкін емес.

Бұл қаланың бірінші басшысы іс жүзінде солай болмаса да, өзін тәңірі көктен жебеген адам етіп көрсетушілердің санатына жатады және осы мақсатпен қиянат жасап, өтірік айтып менмендік көрсетеді” [1, 3-32 бб]. Надан қала мемлекеттің ең азып-тозған, бұрыс нысаны болып табылды. Оған қарама-қарсы қайырымды